

**"Мақат аудандық әкімдігі "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" Мақат ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 2 сәуірдегі № 52 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Атырау облысы Мақат ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 4 ақпандағы № 21 қаулысы. Күші жойылды - Атырау облысы Мақат аудандық әкімдігінің 2023 жылғы 18 мамырдағы № 81 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Мақат аудандық әкімдігінің 18.05.2023 № 81 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 26-бабына сәйкес, Мақат ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Мақат аудандық әкімдігі "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы" Мақат ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 2 сәуірдегі № 52 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4127 болып тіркелген) келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мақат аудандық әкімдігі "Б" корпусы мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесінде:

5-тармақ келесідей редакцияда мазмұндалсын:

"5. Бағалауды өткізу үшін "Б" корпусы қызметшісін мемлекеттік лауазымға тағайындауға және мемлекеттік лауазымнан босатуға құқығы бар лауазымды тұлғамен (бұдан әрі – уәкілетті тұлға) персоналды басқару қызметі немесе ол болмаған жағдайда персоналды басқару қызметінің (кадр қызметінің) (бұдан әрі – персоналды басқару қызметі) міндеттерін атқару жүктелген өзге құрылымдық бөлімше (тұлға) жұмыс органы болып табылатын Бағалау жөніндегі комиссия (бұдан әрі – Комиссия) құрылады.

Комиссия құрамы уәкілетті тұлғамен анықталады, комиссия мүшелерінің саны 5 адамнан кем болмауы тиіс.";

41-тармақ келесідей редакцияда мазмұндалсын:

"41. "Б" корпусының қызметшісін бағалау нәтижелерімен таныстыру жазбаша түрде жүргізіледі. Қызметші танысудан бас тартқан жағдайда, еркін түрде акт құрылып, персоналды басқару қызметімен және мемлекеттік органның басқа екі қызметшісімен қол қойылған акт толтырылады.

Бұл ретте танысудан бас тартқан қызметшілерге бағалау нәтижелері мемлекеттік органдардың интранет-порталы және/немесе мемлекеттік қызмет персоналы бойынша автоматтандырылған бірыңғай дерекқор (ақпараттық жүйенің) не электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы осы Әдістеменің 43-тармағында көрсетілген мерзімде жолданады.";

42-тармақ алынып тасталсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау "Мақат ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің басшысы Ж.Т. Булекбаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі.

*Мақат ауданының әкімі*

*Ш. Кейкин*